

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

| | |
|-----------------------------|---|
| Жинақ | IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж. |
| ISBN | 978-601-262-638-4 |
| Секция | СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий |
| Жинақтағы рет нөмірі | № 073 |
| Мазмұндағы беті | 362 |
| Жарияланған беттері | 362-368 |
| Автор(лар) | Какимова Аружан Сансызбаевна |
| Мақала атауы | КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛЫСТАР ҮШІН ҚЫЛЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІҢ АЛДЫН АЛУ ӘСЕРІ |
| Мазмұндағы жазылуы | Какимова А.С., Тажгарина Б. Қ. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛЫСТАР ҮШІН ҚЫЛЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІҢ АЛДЫН АЛУ ӘСЕРІ |

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖЫНЫСТЫҚ
ҚЫЛЫМЫСТАР ҮШІН ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІҢ АЛДЫН
АЛУ ӘСЕРІ»**

Какимова Аружан Сансызбаевна

aruzankakimova7@gmail.com

«Құқық қорғау қызмет» білім бағдарламасының 2 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор -Тажгарина Б. Қ.

Балаларға қатысты жыныстық қылмыстар – бұл кәмелетке толмағандарға (18 жасқа дейінгі тұлғаларға) бағытталған зорлық-зомбылық немесе сексуалдық сипаттағы әрекеттер. Мұндай қылмыстар қоғамға аса қауіпті саналады, себебі олар баланың психологиялық, физикалық және әлеуметтік дамуына орны толмас зиян келтіреді.

Қазіргі таңда кәмелетке толмаған балаларға қатысты жыныстық қылмыстар қоғам үшін аса қауіпті әрі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл қылмыстар тек жекелеген тұлғалардың құқықтарын бұзып қана қоймай, сонымен қатар қоғамның моральдық-адамгершілік негіздеріне елеулі зиян келтіреді. Осыған байланысты мұндай құқық

бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту және оның алдын алу тетіктерін жетілдіру мәселесі құқықтық ғылым мен тәжірибеде ерекше маңызға ие.

Зерттеу тақырыбы аясында қарастырылатын негізгі мәселелердің бірі – кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстардың жаңа нысандары мен олардың жасалу тәсілдерінің күрделене түсуі. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнаманың халықаралық құқық нормаларына толық сәйкес келмеуі, құқықтық нормалар арасындағы қайшылықтар (коллизиялар), жекелеген нормалардың құқық қағидаттарына және құқықтық актілердің негізгі идеяларына сәйкес келмеуі де өзекті мәселелер қатарында. Бұған қоса, құқық қолдану тәжірибесінде кездесетін оқиқылықтар мен заң талаптарының толық орындалмауы да аталған саладағы проблемаларды тереңдете түседі.

Аталған мәселелердің жиынтығы кәмелетке толмағандарды қорғау жүйесінің жеткілікті деңгейде тиімді жұмыс істемейтінін көрсетеді. Сондықтан қылмыстық жауаптылықты күшейту тек жазалау шарасы ретінде ғана емес, сонымен қатар алдын алу құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін нақты құқықтық нормаларды белгілейді. Бұл нормалар кәмелетке толмағандарды қорғау және қылмыстың алдын алу мақсатында енгізілген.

Негізгі баптар:

1. 120-бап – Зорлау. Кәмелетке толмаған адамға қатысты зорлау ауырлататын мән-жайлармен қоса 15 жылдан өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады.

2. 121-121.1 бап - Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері. Жыныстық қатынасқа жатпайтын өзге де сексуалдық әрекеттер күш қолдану арқылы жасалғанда қолданылады. Көбінесе жәбірленушінің еркін басу және қорлау мақсатында жасалатын әрекеттерді қамтиды. 120-баппен бірдей қатаң жазалар 15 жылдан өмір бойына дейін бостандықтан айыру көзделген.

3. 122-бап - Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас жасау немесе өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттер. Бұл баптың ерекшелігі – мұнда зорлық-зомбылық жоқ. Бұл жерде 18 жасқа толған адамның 16 жасқа толмаған жасөспіріммен (екі жақтың келісімі болса да) жыныстық қатынасқа түсуі. 12 жылдан 15 жылға дейінгі жаза түрі қарастырылады.

4. 124-бап - Жас балаларды азғындау. 14 жасқа толмаған балаларға қатысты сексуалдық сипаттағы әрекеттер. Бұған балаға жыныстық мүшелерді көрсету, порнография көрсету немесе денесіне тиісу арқылы оның жыныстық санасын ерте ояту жатады. 12 жылдан 17 жылға дейін бас бостандығынан айыру [1].

Жас ерекшеліктеріне байланысты жыныстық қылмыстарды саралау — бұл қылмыстық құқықтағы ең маңызды мәселелердің бірі. ҚР Қылмыстық кодексі жәбірленушінің жасына қарай жауаптылықты нақты бөліп көрсетеді.

Жас балаларға қатысты (14 жасқа толмағандар): Мұндай әрекеттер үшін 15 жылдан бастап өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Бұл норма қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің ең жоғары шегін көрсетеді.

Жасөспірімдерге қатысты (14-тен 18 жасқа дейінгілер): Егер қылмыс кәмелетке толмаған жасөспірімге қатысты жасалса, жаза мөлшері сондай-ақ 12 жылдан өмір бойына дейін бас бостандығынан айыруды құрайды. Мұнда жасөспірімнің қарсылық көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуы және қылмыскердің өз басымдылығын (физикалық күшін, лауазымдық немесе материалдық тәуелділігін) пайдалануы қылмысты ауырлататын негізгі факторлар ретінде қарастырылады [2].

Соңғы жылдары Қазақстан қоғамында балаларға қатысты жыныстық қылмыстар жөніндегі бірқатар істер кең қоғамдық резонанс тудырды. Мұндай істер қоғамның қылмыстық жазаға деген көзқарасын өзгертіп, қылмыстық жауаптылықты күшейту қажеттілігі мәселесін күн тәртібіне шығарды.



Сурет 1 – Балаларға қатысты қылмыстық істердің қоғамдық резонансы (иллюстрациялық материалдар негізінде)



Сурет 2 – Қылмыс құрбанына арналған ескерткіш

Балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың қоғамға қауіптілігін көрсету мақсатында Атырау облысында орын алған резонансты қылмыстық істі мысал ретінде қарастыруға болады. Аталған іс 2025 жылы Атырау облысының Құлсары қаласында орын алып, кәмелетке толмаған балаға қатысты аса ауыр қылмыс жасалуымен сипатталады.

Сот материалдарына сәйкес, айыпталушы кәмелетке толмаған жәбірленушіге қатысты зорлық сипатындағы жыныстық әрекет жасаған және бұл әрекет ауыр зардапқа әкеп соққан. Аталған қылмыстық іс бойынша сот айыпталушыны кінәлі деп танып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген ең қатаң жаза түрін — өмір бойына бас бостандығынан айыруды тағайындады. Сонымен қатар сот шешімімен жәбірленуші тараптың пайдасына моральдық зиянды өтеу туралы шешім шығарылды.

Осы мысал балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейтудің практикалық көрінісі болып табылады және мұндай қылмыстардың алдын алуда жазаның бұлтартпастығы мен қатаңдығының маңызын айқындайды [3].



Сурет 3 – Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстардың таралуы және тіркелу деңгейі

Мына инфографика балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық жағдайларының таралуы мен олардың құқық қорғау органдарына дейін жету деңгейін сипаттайды.

Берілген деректерге сәйкес, барлық жағдайлар 100% деп алынады. Солардың ішінде қылмыстардың басым бөлігі, шамамен 74%, жәбірленушіге таныс адамдар тарапынан жасалады. Бұл көрсеткіш балалар үшін қауіп көбіне бөгде адамдардан емес, жақын ортадан туындайтынын аңғартады. Сонымен қатар істердің 22%-ы әкелердің қатысуымен орын алады, яғни мәселенің отбасы ішіндегі сипаты да маңызды.

Инфографиканың келесі бөлігі жәбірленушілердің құқық қорғау органдарына жүгіну белсенділігін көрсетеді. Зардап шеккендердің небәрі 8–10% ғана полицияға арыз береді. Ал барлық фактілердің шамамен 20%-ы ғана сотқа дейін жетеді. Бұл көптеген қылмыстардың жасырын күйде қалатынын, түрлі әлеуметтік-психологиялық кедергілердің бар екенін білдіреді.

Жалпы, мәліметтер балаларды қорғау жүйесін күшейту, алдын алу шараларын жетілдіру және жәбірленушілерге қауіпсіз түрде көмек сұрауға мүмкіндік беру қажеттігін көрсетеді [4]. Балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың ерекшелігі олардың қайталану қаупінің жоғары болуымен сипатталады. Осыған байланысты қылмыстық жазамен қатар, қылмыстық рецидивтің алдын алуға бағытталған қосымша медициналық және әкімшілік шараларды қолдану мәселесі өзекті болып табылады.

Медициналық сипаттағы шаралардың бірі ретінде халықаралық тәжірибеде химиялық кастрация қолдану мәселесі талқылануда. Бұл шара жыныстық қылмыс жасаған тұлғаның физиологиялық жағдайына медициналық жолмен ықпал ету арқылы оның жыныстық белсенділігін төмендетуге бағытталған. Аталған тәсіл кейбір мемлекеттерде сот шешімімен немесе ерікті келісім негізінде қолданылып келеді. Оның негізгі мақсаты — қауіпті мінез-құлқты түзету және қайталама қылмыстың алдын алу. Алайда бұл шара адамның құқықтары мен бостандықтарына араласу мәселесіне байланысты құқықтық және этикалық тұрғыдан даулы болып табылады [5].

Сонымен қатар, медициналық шаралар кешенді терапия мен фармакологияда қолданылуы керек. Химиялық кастрация тек физикалық деңгейдегі гормондарды басумен шектелмеуі тиіс. Оның тиімділігі мынадай факторларға байланысты:

- Антиандрогендік препараттардың әсері: Оңтүстік Корея мен Польша тәжірибесінде қолданылатын препараттар мидың жыныстық қозғыштық орталықтарына әсер етіп, агрессияны төмендетеді. Бұл тұлғаның өз мінез-құлқын бақылауына мүмкіндік береді.

- Когнитивті-бихевиоралдық терапия (КБТ): Медициналық кастрация психологиялық түзетумен қатар жүруі шарт. Зерттеулер көрсеткендей, дәрі-дәрмек пен психотерапияның

үйлесімі рецидивті 70-80%-ға дейін азайтады. Себебі педофилия — бұл тек физиология емес, сонымен қатар бұрмаланған ойлау жүйесі [6].

Әкімшілік шаралардың ішінде ерекше маңызға ие құралдардың бірі — жыныстық қылмыс жасаған тұлғалардың арнайы тізілімі (реестрі). Мұндай тізілімдер бірқатар шет мемлекеттерде қолданылады және олардың басты мақсаты — бақылау тетігін күшейту, құқық қорғау органдарына қауіпті тұлғалар туралы ақпаратты жүйелеу, сондай-ақ қоғамның қауіпсіздігін арттыру. Бұл шара қылмыстың қайталануын шектеуге бағытталған профилактикалық құрал ретінде қарастырылады. Әкімшілік шаралардың ішіндегі ең тиімдісі — жазасын өтеп шыққан тұлғаның әрбір қадамын бақылау [7].

- Геофенсинг (Geofencing) технологиясы: Сотталған адамға тағылған электронды білезіктер (GPS) арқылы мектептер, балабақшалар мен саябақтардың айналасында «виртуалды қоршау» құрылады. Егер бақылаудағы тұлға бұл аймаққа 200-500 метр жақындаса, кезекші полиция бөліміне автоматты түрде дабыл жетеді.

- «Меган заңы» (Megan's Law) және қоғамдық хабардарлық: АҚШ пен Ұлыбританиядағыдай, Қазақстанда да педофилдердің фотосуреті, аты-жөні және тұрғылықты жері көрсетілген ашық онлайн-картаның (fms.kgp.kz) жұмысын жетілдіру — қоғамдық бақылаудың басты құралы [8].

Қазақстан Республикасында да балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың алдын алу мақсатында сотталған тұлғаларға қатысты бақылау және қадағалау шаралары қолданылуда. Бұл шаралар олардың жүріп-тұруына, белгілі бір қызметпен айналысуына тыйым салу және профилактикалық есепке қою түрінде жүзеге асырылады. Мұндай әкімшілік шектеулер қылмыстық рецидивтің алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар, медициналық және әкімшілік шаралар қылмыстық жазаны толық алмастыра алмайды, олар тек қосымша алдын алу құралы ретінде қолданылады. Қылмыстық рецидивтің тиімді алдын алу үшін қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын психологиялық оңалту, әлеуметтік бейімдеу және тұрақты бақылау жүйесімен ұштастыру қажет.

Қорыта айтқанда, кастрация және арнайы тізілім сияқты медициналық және әкімшілік шаралар педофилия сипатындағы қылмыстардың қайталану қаупін төмендетуге бағытталған қосымша құралдар ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда оларды қолдану адамның негізгі құқықтарын сақтау, заңдылық және гуманизм қағидаттары негізінде жүзеге асырылуы тиіс [9].

Балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың алдын алу мәселесі көптеген мемлекеттердің қылмыстық саясатында басым бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты шетелдік елдердің заңнамаларында кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғауға бағытталған арнайы құқықтық тетіктер қалыптастырылған.

АҚШ заңнамасында балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін қатаң қылмыстық жауаптылық көзделген. АҚШ-та қылмыстық құқық екі деңгейде жұмыс істейді: федералдық және штаттық заңнамалар. Мысал ретінде: 18 U.S. Code § 2243 – Sexual abuse of a minor. Күш қолдану немесе 12 жасқа толмаған балаға қатысты жыныстық зорлық. Жаза: 30 жылға дейін немесе өмір бойына. 18 U.S. Code § 2243 – Sexual abuse of a minor Кәмелетке толмағанмен (әдетте 12–16 жас аралығы) жыныстық қатынас. Жаза: 15 жылға дейін. 18 U.S. Code § 2251 – Sexual exploitation of children Баланы порнографиялық материал жасауға пайдалану. Жаза: ең кемі 15 жыл, 30 жылға дейін немесе кей жағдайда өмір бойына.

Сонымен қатар, жыныстық қылмыс жасаған тұлғаларға арналған арнайы қылмыскерлер тізілімі (sex offender registry) қолданылады. Бұл тізілім арқылы құқық қорғау органдары сотталған тұлғаларды тұрақты бақылауда ұстайды, ал кейбір жағдайларда қоғамға белгілі бір деңгейде ақпарат ашық түрде беріледі. Мұндай жүйе қылмыстың қайталану қаупін төмендетуге бағытталған алдын алу шарасы ретінде қарастырылады [10].

Қазақстан Республикасының заңнамасымен салыстырғанда, шетелдік тәжірибеде алдын алу шараларына көбірек көңіл бөлінетіні байқалады. Атап айтқанда, тек жазалау ғана емес, сонымен қатар қылмыскердің қайта қылмыс жасау мүмкіндігін төмендетуге бағытталған ұзақ мерзімді бақылау және оңалту жүйелері дамыған. Осыған байланысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында балаларға қатысты жыныстық

қылмыстардың алдын алу жүйесін жетілдіру үшін сотталған тұлғаларды бақылаудың қосымша тетіктерін дамыту, медициналық және психологиялық ықпал ету шараларын заңнамалық деңгейде нақтылау қажет деп есептеледі [8]. Балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың алдын алу және олар үшін қылмыстық жауаптылықтың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындайды. Бұл бағытта халықаралық тәжірибені ескере отырып, келесі ұсыныстарды ұсынуға болады.

Біріншіден, балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін жаза тағайындау кезінде олардың қайталану қаупін ескеретін арнайы критерийлерді заңнамалық тұрғыдан нақтылау қажет. Мұндай критерийлер соттардың жаза тағайындауда бірізді тәжірибе қалыптастыруына және әділеттілік қағидатын сақтауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, педофилия сипатындағы қылмыстар жасаған тұлғаларға қатысты бақылау және қадағалау жүйесін күшейту ұсынылады. Атап айтқанда, оларды пробациялық бақылауға алу, белгілі бір аумақтарда жүруге шектеу қою және балалармен байланысты қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу сияқты әкімшілік-құқықтық шараларды кеңейту қажет.

Үшіншіден, қылмыстық жазамен қатар медициналық және психологиялық түзету шараларын қолдану тетіктерін жетілдіру маңызды. Мұндай шаралар сотталған тұлғалардың мінез-құлқын түзетуге және қылмыстың қайталану қаупін төмендетуге бағытталуы тиіс. Бұл ретте адамның негізгі құқықтарын сақтау және гуманизм қағидаттарын сақтау басты шарт болып табылады.

Төртіншіден, балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың алдын алу мақсатында ақпараттық-танымдық және құқықтық ағарту жұмыстарын күшейту қажет. Білім беру ұйымдарында балалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды енгізу және ата-аналардың құқықтық мәдениетін арттыру маңызды практикалық шара болып табылады.

Бесіншіден, сот тәжірибесін жүйелеу және талдау арқылы балаларға қатысты жыныстық қылмыстар жөніндегі істер бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу ұсынылады. Бұл құқық қолдану тәжірибесінде біркелкілікті қамтамасыз етуге және заң нормаларын дұрыс қолдануға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіру балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғаудың құқықтық кепілдіктерін күшейтуге бағытталуы тиіс. Ұсынылған шараларды іске асыру қылмыстық саясаттың тиімділігін арттырып, жыныстық қылмыстардың алдын алу жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейтудің құқықтық негіздері мен оның тиімділігі жан-жақты талданды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғауға бағытталған арнайы нормалар көзделгені және бұл қылмыстардың қоғамға аса қауіпті екені анықталды.

Қоғамда резонанс тудырған қылмыстық істерді талдау сот тәжірибесінде мұндай санаттағы қылмыстар үшін ең қатаң жаза түрлерін қолдану үрдісі қалыптасқанын көрсетті. Бұл мемлекет тарапынан балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ерекше көңіл бөлініп отырғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, жазаның қатаңдығы қылмыстың алдын алуға бағытталған маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Мақалада балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың алдын алу тек қылмыстық жауаптылықты күшейтумен шектелмеуі тиіс екені анықталды. Мұндай қылмыстардың алдын алуда білім беру ұйымдарының, әлеуметтік қызметтердің және құқық қорғау органдарының өзара үйлесімді іс-қимылы маңызды рөл атқарады. Балаларға құқықтық тәрбие беру, олардың жеке қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру және ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру қылмыстың бастапқы кезеңде алдын алынуына мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, балаларға қатысты жыныстық қылмыстарға байланысты заңнаманы одан әрі жетілдіру барысында қылмыстың қайталану қаупін ескеретін дифференциалды жаза жүйесін енгізу және қадағалау тетіктерін күшейту өзекті болып

табылады. Бұл қылмыстық жауаптылықтың тек репрессивтік емес, сонымен қатар түзету және алдын алу сипатта қолданылуына мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту әділетті әрі қажетті шара болып табылады. Алайда мұндай қылмыстардың толық алдын алу үшін қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын әлеуметтік, медициналық және тәрбиелік жұмыстармен ұштастыратын кешенді жүйе қалыптастыру қажет.

Ұсынылған қорытындылар мен тұжырымдар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын одан әрі жетілдіруге және балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғау тетіктерін нығайтуға бағытталған ғылыми және практикалық маңызға ие. Осылайша, балаларға қатысты жыныстық қылмыстармен күресудің тиімділігі құқықтық ықпал ету шараларының қатаңдығымен ғана емес, алдын алу, қорғау және оңалту элементтерін қамтитын көпдеңгейлі жүйенің қалыптасуымен айқындалады. Мұндай тәсіл балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің тұрақты әрі ұзақ мерзімді моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 (өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002.
3. ҚР Жоғарғы Соты, «Кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық қылмыстар бойынша сот үкімдерінің жинағы 2020–2025 жж» (2025).
4. ҚР Бас прокуратурасы, «Құқықтық статистика мәліметтері 2025 жыл» (2025).
5. ҚР Жоғарғы Соты, № 6 Нормативтік қаулы (11 желтоқсан 2020).
6. Біріккен Ұлттар Ұйымы, «Балаға қатысты жыныстық қанаудың алдын алу жөніндегі халықаралық құжаттар».
7. Еуропа Кеңесі, Балаларды жыныстық қанаудан және жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы Лансароте конвенциясы (2007).
8. ЮНИСЕФ, «Балаларды қорғау жөніндегі жаһандық баяндамалар 2022–2024 жж» (ЮНИСЕФ 2024).
9. Қайырбеков НА, Қылмыстық құқық (Ерекше бөлім) (Алматы 2022).
10. United States Code, Title 18 §§ 2243, 2251 (1926).